# Даниял1



COMIC BIBLE SOCIETY

Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to this comic book as provided by United States copyright law.

Print and digital copies of this version may be freely distributed without penalty under a Creative Commons license.


Б.З.Д. 539 Ж
МӘСІХТІҢ ТУЫЛУЫНАН 500 ЖЫЛ БҰРЫН.
ҰЛЫ ШАЙҚАС ИЕРУСАЛИМ ҚАЛАСЫН ДҮР СІЛКІНДІРДІ.
ДАНИЯЛ 1:1-3


ПАТША ЖОХАҚЫМ, ЕНДІ ҚҰТҚАРЫЛУ ЖОҚ.
БАБЫЛДЫҚТАР ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС ҚАҚПАЛАРЫН ЖАУЫП ТАСТАДЫ.
ҚАШУ ТУРАЛЫ ҰМЫТЫҢЫЗ! БІЗ НАБУХОДОНОСОР ПАТШАМЕН КЕЛІСУІМІЗ КЕРЕК. ӘЙТПЕСЕ ПАТША ҚАЛАСЫНАН ЕШТЕҢЕ ҚАЛМАЙТЫН БОЛАДЫ.
МҰНЫ СИДОНДЫҚТАР МЕН ХЕТТТЕРГЕ АЙТЫҢЫЗ, ОЛ ОНЫ МОЙНЫНА ҚҰМҒА КӨМІП ТАСТАДЫ, СОДАН КЕЙІН АТҚЫШТАРЫНА БАСТАРЫНАН ЖҮГІРУДІ БҰЙЫРДЫ. ШЫНЫНДА ДА,ҚИЫН КЕЛІССӨЗДЕР!
КЕЙБІРЕУЛЕРІН ОЛ ТІРІ ҚАЛДЫРЫП, БАБЫЛҒА АЛЫП КЕТЕДІ.
ИӘ,КЕЙІН ОЛАРДЫ ИТ ҰҚСАТЫП БАЙЛАП ҰСТАЙДЫ.
БІЗ КЕЛІСЕ АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ. ҰРЫСҚА ДА ШЫҒА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ.БАСҚА ТАҒЫ ДА НЕ ІСТЕЙ АЛАМЫЗ?
БІЗДІҢ БАСҚА АМАЛЫМЫЗ ЖОҚ.


БІРНЕШЕ МИНУТТАН КЕЙІН
КЕЛІҢДЕР! ПАТША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.
ПАТША ИЕРУСАЛИМ ЕШҚАШАН ҚҰЛАП КЕТПЕЙДІ ДЕП АЙТҚАН ЕДІ. ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ БІЗДІ ҚОРҒАЙДЫ ДЕП ОЙЛАДЫМ.
ҚҰДАЙ БІЗДІ ТАСТАП КЕТТІ МЕ?
ЖОҚ ДАНИЯЛ, БҰЛ БІЗДІҢ ПАТШАЛАРЫМЫЗ ҚҰДАЙДАН БАС ТАРТЫП,ОНЫ ТАСТАП КЕТТІ.
СЕНДЕР БЕРІ КЕЛІҢДЕР!
ТЕЗДЕТІҢДЕР,ЖОХАҚЫМ ПАТША БҮКІЛ ЖАНҰЯСЫН ҚАРУ-ЖАРАҚ БӨЛМЕСІНЕ ТЫҒЫП ҚОЙЮЫНА БҰЙРЫҚ ЕТТІ.
БАБЫЛ ӘСКЕРІ ПАТШАЛЫҚ КҮЗЕТІНЕН ӨТІП КЕТЕ АЛАДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ БА?
**ДЕРЕУ!** БІЗДІҢ УАҚЫТЫМЫЗ ҚАЛМАДЫ.
БІЗ СІЗДІҢ БАРЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ.
УАЙЫМДАМАҢЫЗ!
АНАМ...


ҰРЫСҚА ШЫҒА АЛМАЙМЫЗ...
КЕЛІСЕ ДЕ АЛМАЙ ТҰРМЫЗ...
ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛЕТІНІ ТЕК ОСЫ: ҚОЯН ҮЙШІГІНЕ ТЫҒЫЛҒАНЫ ІСПЕТТІ БІЗ ДЕ ТЫҒЫЛУДАН БАСҚА АМАЛ ТАБА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ.
...ҚАЙ ЖЕРДЕ ТЫҒЫЛСАҚ ТА ҚАУІПСІЗДІКТЕ ТЫҒЫЛДЫҚ ДЕП ОЙЛАМАЙМЫН.
БІЗГЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРГЕНДЕРІНЕН ПАЙДА ЖОҚ.СІЗ ЖӘНЕ ПАТШАНЫҢ БАРЛЫҚ ҰЛДАРЫ БАБЫЛҒА ЖІБЕРІЛЕТІН БОЛАСЫНДАР.
ҚАЗІР ИЕРСУСАЛИМНІҢ БАСҚА ҚАЛАДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ЖОҚ.ГЕФА,ДАМАСК,ЕКРОН ОСЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ БАБЫЛДЫҢ ҚАЛАЛАРЫ.
МЕНДЕ БҰЙРЫҚ БАР! ЕГЕР БІЗГЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРЕТІН БОЛСАНДАР, ПАТШАНЫҢ БАРЛЫҚ ЖАНҰЯСЫН ЖОЙЫП ТАСТАЙМЫЗ.
МАҒАН БАЛТАНЫ АЛЫП КЕЛІҢДЕР!
ҚҰП БОЛАДЫ!СІЗДІҢ БҰЙРЫҒЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?


СЕНДЕРГЕ ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРЕТІНДЕРДЕРДІ Ң БАРЛЫҒЫН ӨЛТІРІҢДЕР.
ПАТШАНЫ КІСЕНДЕП ҚОЙЫҢДАР.
ПАТША ЖАНҰЯСЫНЫҢ АНАЛАРЫ МЕН БАЛАЛАРЫ АТ АРБАҒЫ ОТЫРҒЫЗЫП, БАБЫЛҒА ЖІБЕРІҢДЕР.
ҚАЛҒАНДАРЫН ӨЛТІРІҢДЕР!

ДАНИЯЛ 1:3


БАБЫЛДЫҢ ШІНЕУНІКТЕРІ ИЕРУСАЛИМНІҢ БАРЛЫҒЫН ҚАРАП ШЫҒУ ҮШІН АЛДЫҒА ҰМТЫЛДЫ.
КӨШЕЛЕРДІҢ БОЙЫНДА ЖҮЗДЕГЕН АДАМДАРДЫҢ МОЙЫНДАРЫ БІР-БІРІНЕ БАЙЛАНЫП КЕЛЕ ЖАТТЫ.
ӘКЕ!


НАБУХОДОНОСОР ПАТША ҚАТАЛ БІР БҰЙРЫҚ БЕРДІ.ПАТШАЛЫҚ БАЛАЛАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІН АТАРБАҒА МІНГІЗІП БАБЫЛҒА ЖІБЕРІҢДЕР.
НЕЛЕРІН БАР БҰЛ ЖЕРДЕ?
ПАТШАНЫҢ УӘДЕ ЕТКЕНДЕРІ.
ПАТШАЛЫҚ САРАЙДЫҢ ІШІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ОТРЯДҚА ОЛЖАЛАРДЫ БЕРІП ЖІБЕРІҢДЕР
МЕНІҢ АДАМДАРЫМ ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙЛАРЫНЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫНАН АЛДЫ БҰЛАРДЫ.
ОЛАРҒА БҰЛ КӨМЕК БОЛҒАНЫҢ КӨРІНІП ТҰР.
БҰЛ ОЛЖАНЫ АЛУҒА СЕНДЕРГЕ РҰҚСАТ ЕТІЛМЕДІ.
БІРАҚ ПАТШАМ...
ПАТШАНЫҢ ӨЗІ БАРЛЫҚ ДІНИ ЗАТТАРДЫ ЕВРЕЙЛЕРМЕН БІРГЕ БАБЫЛҒА ҚАЙТА ЕРТІП БАРУДЫ БҰЙЫРДЫ.

ДАНИЯЛ 5:3


ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫ АЙЫРЫҢЫЗ. БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢ ЖАҚСЫСЫ ПАТША ҮШІН ТАҢДАЛАДЫ.
ЕҢ ҮЗДІК ӘЙЕЛДЕР...ПАТШАНЫ Ң ОФИЦЕРЛЕРІ ҮШІН ӘЙЕЛДІККЕ БЕРІҢДР.
ЖОҚ! СЕН МЕНІҢ ҰЛЫМДЫ АЛА АЛМАЙСЫН!
БАЛАМ! БАЛАМ!
АНАШЫМ!
ДАНИЯЛ МЕНІҢ САҒАН ҮЙРЕТКЕНДЕРІМДІ ҰМЫТПА...


ИЕРУСАЛИМ ЖОЙЫЛҒАННАН КЕЙІН ТІРІ ҚАЛҒАН ЯҺУДЕЙЛЕР ТАСЫМАЛДАУҒА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТТЫ.
ЕНДІ НЕ ІСТЕЙМІЗ ДАНИЯЛ?
МЕН АДАМДАРДЫҢ ҚҰДАЙ БІЗДЕН БАС ТАРТТЫ ДЕП АЙТҚАНЫН ЕСТІДІМ, АЗАРИЯХ!
ЖОҚ, ХАНАНИЯХ. ҚҰДАЙ БІЗБЕН БІРГЕ.
ИӘ, ҚҰДАЙ БІЗБЕН БІРГЕ.
.....БІЗ ҚАЙДА БАРСАҚ ТА....
....ОЛАРДЫҢ ЖАҢА ҮЙІ-БАБЫЛ.
ДАНИЯЛ 1:3




СОНЫМЕН, НАБУХОДОНОСОР ПАТША, ТІРІ ЕҢ КҮШТІ АДАМ, ЕЖЕЛГІ ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ ҰЛЫ ҒАЖАЙЫПТАРЫНЫҢ БІРІНЕ АДАЛ ӘСКЕРЛЕР МЕН ДӘРМЕНСІЗ ТҰТҚЫНДАРМЕН БІРГЕ ҮЙГЕ ЖЕҢІМПАЗ БОЛЫП ОРАЛАДЫ...
БАБЫЛ!


МЫНА ЖЕРГЕ ҚАРАШЫ!
БҰЛ МЕНІҢ ҮЙІМНЕН ДЕ ҮЛКЕН ЕКЕН.
ЕНДІ БҰЛ БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ.
БҰЛ ШЫНЫМЕН ДЕ АЛТЫН БА?
БЕЛ-АЗУР, ПАТШАНЫҢ НҰСҚАУЛАРЫНА СӘЙКЕС---
--- МЕН СІЗДІҢ АКАДЕМИЯҢЫЗ ҮШІН ЕҢ ЖАҚСЫ ЖӘНЕ АҚЫЛДЫ ЯҺУДЕЙ БАЛАЛАРЫН ҰСЫНАМЫН.
ӘДЕТТЕГІДЕЙ ҚАТАЙЫП ҚАЛҒАН АҒАШ, БІРАҚ ТІПТІ ЕҢ КЕРЕМЕТ ШАМ ТІРЕКТЕРІН ЕҢ ҚИСЫҚ ЕМЕННЕН ЖАСАУҒА БОЛАДЫ.
БҰЛАРДЫ САРАЙДЫҢ ЕКІНШІ ҚАБАТЫНА ЖІБЕРІҢДЕР.
КИІМДЕРІН АУЫСТЫРҒАННАН КЕЙІН ОЛАР КҮНДІЗГІ ТАМАҚТАНУ ҮШІН ҚАЛҒАНДАРЫНА ҚОСЫЛАДЫ.



ДАНИЯЛ 1:4


ВАВИЛОННЫҢ ІЛУЛІ БАҚТАРЫ.
АКАДЕМИЯНЫҢ ТАМАҚТАНУ ЗАЛЫ.
БАРЛЫҚТАРЫН ТАМАҚТАН АЛЫП ОТЫРЫНДАР!
ПАТША ДАСТАРҚАНЫНАН ЖОМАРТТЫ ТАМАҒЫН ЖЕҢІЗДЕР!!
БҰЛ ТАМАҚ...
БАБЫЛДЫҚТАРДЫҢ ТАМАҒЫ.
АРАМ ТАМАҚ
БҰНЫ ҚАЛАЙ ЖЕЙМІЗ?
БҰҒАН ТЕК БІРАҚ ЖАУАБЫМЫЗ БАР...

ДАНИЯЛ 1:8


КЕЛЕСІ КҮНІ.
ДАНИЯЛ БІЗГЕ КҮНДЕ ОСЫ ТАМАҚТЫ БЕРЕМЕ ЕНДІ?
БІЗ ДҰРЫС ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК.
БІЗДІҢ ДҰРЫС ЖАСАҒАНЫМЫЗ СОНШАЛЫҚТЫ АШ ҚАЛДЫРҒАНЫ ӨКІНІШТІ!
МХМ..


ДАНИЯЛ 1:8


ТҮСКІ АС, ҮШІНШІ КҮН.
БАРЛЫҚТАРЫН КЕТЕ БЕРІҢДЕР.
ЯҺУДЕЙЛЕР ҚАЛЫҢДАР.
БЕЛ-ЗУР СЕНДЕРМЕН СӨЙЛЕГІСІ КЕЛІП ОТЫР.
ҚАЛҒАНДАРЫН АПАРЫП ТАСТАҢДАР.
ТАҚСЫР, БІР НӘРСЕ БОЛЫП ҚАЛДЫ МА?
МЕНІМЕН БІРГЕ КЕЛІҢДЕР.


ТАМАҚ ІШПЕЙТІНДЕР ОСЫЛАР МА?
ИЯ, МЕНІҢ БАРЛЫҚ ҚАМҚОРШЫЛАРЫМНЫҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ҮЗДІКТЕРІ, БІРАҚ ЕҢ ҮЛКЕН АЛАҢДАУШЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕБІ ДЕ ОСЫЛАР.
СЕНДЕР СОҢҒЫ ҮШ КҮНДЕ ЕШТЕҢЕ ЖЕГЕН ЖОҚСЫҢДАР.
ЕГЕР ПАТША СЕНДЕРДІҢ БАСҚА БАЛАЛАРҒА ҚАРАҒАНДА ЖҮДЕП БАРА ЖАТҚАНДАРЫҢДЫ БАЙҚАП ҚАЛСА, СЕНДЕРДІҢ КЕСІРЛЕРІҢНЕН МЕНІ ӨЛТІРЕДІ
БІЗ АШПЫЗ
ӨТЕ АШПЫЗ.
БІРАҚ БІЗ БҰЛ ЕТТІ ЖЕЙ АЛМАЙМЫЗ, ШАРАПТЫ ДА ІШЕ АЛМАЙМЫЗ.
ӨЙТКЕНІ БҰЛ СЕНДЕРДІҢ ҚҰДАЙЛАРЫНА ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНАДЫ.
БІЗ СОЛ ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНУШЫЛЫҚТЫҢ БІР БӨЛІГІ БОЛҒЫМЫЗ КЕЛМЕЙДІ.
ЖАЙ ҒАНА ТАМАҚ ЕМЕС ПЕ? ОНЫ ЖЕСЕҢДЕР НЕ ӨЗГЕРЕДІ ЕКЕН?
ЕГЕР ҚҰДАЙЛАРЫҢ СОНШАМА ОСЫҒАН АШУЛАНСА, НЕЛІКТЕН АСПАННАН ТҮСІП ӨЗІН ҚОРҒАМАЙДЫ?
МЕН ПАТША ИЕМНЕН ҚАУІПТЕНЕМІН. ІШІП-ЖЕЙТІН ТАҒАМДАРЫҢДЫ ТАҒАЙЫНДАҒАН ОНЫҢ ӨЗІ ЕДІ ҒОЙ.
БАСЫМДЫ КЕСІП ТАСТАЙДЫ.



ДАНИЯЛ 1:9-10


ОЛ ҚАНДАЙ ЖАМАН БОЛСА ДА, МЕН ОҒАН ҮЙРЕНІП ҚАЛДЫМ.
СІЗГЕ ҰСЫНЫСЫМЫЗ БАР. ОСЫ ҰСЫНЫЗ БІЗГЕ ЯҺУДЕЙЛІК ЗАҢДАРЫМЫЗДЫ ҰСТАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ.
ТЫҢДАП ТҰРМЫН.
ТАҚСЫР, БІЗГЕ ОН КҮН БОЙЫ ЖЕУГЕ ТЕК АДАЛ ТАҒАМДАР, ЯҒНИ КӨГӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР БЕРІҢІЗ.
ІШУГЕ СУ ҒАНА БЕРІП СЫНАП КӨРСЕҢІЗ ЕКЕН.
СОНЫМЕН?
СОДАН КЕЙІН БІЗДІҢ ТҮРІМІЗ БЕН ПАТША ДАСТАРҚАНЫНАН ІШІП-ЖЕГЕН БАСҚА БАЛАЛАРДЫҢ ТҮРІН САЛЫСТЫРЫП КӨРІҢІЗ.
ЕГЕР 10 КҮННЕН КЕЙІН АЙТҚАНДАРЫНД АЙ БОЛМАЙ ШЫҚСА?
ӘРІ ҚАРАЙ БІЗБЕН ӨЗ КӨЗІҢІЗБЕН КӨРГЕНІҢІЗГЕ САЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕРСІЗ, ТАҚСЫР
ХМММ. БҰЛ СӨЗІНДЕ АҚЫЛ БАР ЕКЕН.
ТЕК ҚАНА ОН КҮН .
СЕНДЕРДІ ТҮСІНБЕСЕМ ДЕ, ТЫҢДАМАУҒА ДА БОЛАТЫН ЕДІ.
БІРАҚТА СОЛАЙ ІСТЕЙІК.
ӨТЕ ЖАҚСЫ!
ЕРТЕҢНЕН БАСТАП БҰЛ ЯҺУДЕЙЛЕРГЕ КӨГӨНІСТЕР МЕН СУ БЕРІҢДЕР.
ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ ОЛАРҒА ЖАР БОЛАТЫНЫНА ҮМІТТЕНЕМІН.


ОН КҮННЕН КЕЙІН.
БЕЛ-ЗУР, СЕНІҢ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ӨТЕ ЖАҚСЫ ЕКЕН!
ӘСІРЕСЕ ОСЫ ТӨРТ ЯҺУДЕЙЛЕР! ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН АҚЫЛ-ОЙЛАРЫ БАРЛЫҒЫНА ҚАРАҒАНДА КЕРЕМЕТ. ОСЫНЫ ПАТША ТАЛАП ЕТЕДІ.
ЖАРАЙДЫ, НЕ ЖЕГІЛЕРІН КЕЛСЕ, СОНЫ ЖЕҢДЕР.
ЖӘНЕ ДЕ СЕНІҢ БАСЫҢ ОРЫНДА ҚАЛДЫ.




ДАНИЯЛ 1:18-20





ДАНИЯЛ 1:18-20


БІРАЗ УАҚЫТ ӨТКЕННЕН КЕЙІН ПАТША ҰЙЫҚТАЙ АЛМАЙ...
АААА!
ҚҰДАЙ МЕНІМЕН СӨЙЛЕСТІ!
ПАТША МЕКТЕБІНДЕ...
МЕН ТҮСІНБЕДІМ.
ПАТША ЯҺУДЕЙЛЕР БАРЛЫҒЫНАН ОН ЕСЕ БІЛІМДІРЕК ДЕП АНЫҚТАДЫ.
ХАНАНИЯХ, КӨГӨНІСТЕР МОЛЫНАН БОЛСЫН.
ЕЛДЕГІ АБЫЗДАР, БАЛГЕРЛЕР, СИҚЫРШЫЛАР МЕН ЖҰЛДЫЗШЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ПАТШАНЫҢ АЛДЫНА БАРСЫН.
ТЕК МЕНІҢ СОҢЫМНАН ЕРІҢДЕР.
НЕ ҮШІН?

ДАНИЯЛ 2:1


НИМРИ САРАЙЫНЫҢ КІРЕ БЕРІСІ.
МЕНІҢ АТЫМ АРИОХ. ПАТШАНЫҢ АТЫНАН СӨЙЛЕЙМІН.
ҰЛЫ НАБУХОДОНОСОР ПАТША БҰЙРЫҚ ЕТЕДІ.
ЕЛДЕГІ БАРЛЫҚ АБЫЗДАР, БАЛГЕРЛЕР, СИҚЫРШЫЛАР МЕН ЖҰЛДЫЗШЫЛАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ...
КҮН БАТҚАНҒА ДЕЙІН БАСТАРЫ ШАБЫЛАТЫ БОЛАДЫ.
ПАТШАҒА ӨЗІ НЕ БОЛДЫ?
ПАТШАНЫҢ АЙТҚАНДАРЫ МҮМКІН ЕМЕС!БІР АДАМ БАСҚА АДАМНЫҢ ОЙЫН НЕМЕСЕ ТҮСІН ҚАЛАЙ АЙТЫП БЕРЕ АЛАДЫ?
ОНДА ПАТША САҒАН НЕ ҮШІН ҮЙ БЕРІП, КҮНДЕЛІКТІ НАНЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫР? АЛ СЕН БОЛСАН ОНЫҢ БІРАҚ ҚАНА СҰРАҒАН НӘРСЕСІН БЕРЕ АЛМАЙ ОТЫРСЫН.
БЕЛ-ЗУР, МЕНІ ПАТШАНЫҢ КҮЗЕТ ҚОЛБАСШЫСЫ АРИОХҚА АПАРА АЛАСЫҢ БА?
НЕ ҮШІН ДАНИЯЛ?
ОНЫҢ АЛДЫНДАҒЫНДАЙ МАҒАН СЕНУІҢІЗДІ СҰРАЙМЫН.



ДАНИЯЛ 2:12


БЕЛ-ЗУР МАҒАН СЕНІҢ БІЛІМДІ ЖӘНЕ ЕҢ ДАНА БОЛҒАНЫҢДЫ АЙТТЫ. БІРАҚ МЕН ПАТШАНЫҢ БҰЙРЫҒЫН ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙМЫН.
ОНЫҢ СӨЗІ-ЗАҢ.
ПАТШАНЫҢ ӨЗІ АЙТҚАНДАЙ БІЗДІҢ БІЛІМДІ БОЛҒАНЫМЫЗДЫ ҰНАТЫПТЫ.
ӨТІНЕМІН. ТЕК ОДАН СҰРАП КӨРІҢІЗ.
БҰЛ ПАТШАНЫҢ ЖОСПАРЫ ОСЫ ЖЕРГЕ ӘР ЕЛДЕН АЛЫП КЕЛГЕН ШӘКІРТТЕР ЕДІ. БҰЛ ЖОСПАРДЫ МЕН ҰНАТПАЙТЫНМЫН.
СЕНДЕР КЕЛІП ӨЗ СЕНІМДЕРІҢДІ БІЗГЕ АЛЫП КЕЛДІҢДЕР, СОЛ ҮШІН БІЗДІҢ ҚҰДАЙЛАР БІЗГЕ АШУЛАНДЫ.
МЕН СҰРАП КӨРЕЙІН,БІРАҚ ЕШНӘРСЕГЕ ДЕ ДӘМЕЛЕНБЕҢДЕР.
ПАТШАНЫҢ САРАЙЫНДАҒЫ БӨЛМЕ.
МЕН СЕНІМЕН КЕЗДЕСУГЕ КЕЛІСТІМ,ӨЙТКЕНІ СЕН БАРЛЫҒЫНАН ДА ЕҢ ДАНАСЫН.
БІРАҚ МЕН СЕНІ ДЕ ОЛАРМЕН БІРГЕ ЖАЗАЛАЙТЫН БОЛАМЫН.
СІЗ ӘДІЛСІЗ.


ОНДА НЕ ҮШІН ПАТШАНЫҢ АЛДЫНА КЕЛІП ТҰРСЫҢ?ӘЛДЕ БІРІНШІ БОЛЫП ӨЛГІН КЕЛІП ТҰР МА?
ЕШКІМ СІЗДІҢ ТҮСІҢІЗДІ АЙТЫП БЕРЕ АЛМАЙДЫ.БІРАҚ КӨКТЕГІ ҚҰДАЙ ҚҰПИЯЛАРДЫ АШЫП БЕРЕ АЛАДЫ.
ҚҰДАЙЛАР ЖАЛҒАН БАЛГЕРЛЕРМЕН СӨЙЛЕСПЕЙДІ. БАЛГЕР КИІМІН КИІП, ӨЗДЕРІ ЕШНӘРСЕНІ ДЕ БІЛМЕЙТІНДЕР КӨП.
ҚҰДАЙЛАР МАҒАН БІР ТҮС БЕРДІ,БІРАҚ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫН БЕРМЕЙ ЖАТЫР.
УА, ПАТШАМ! БІЗГЕ УАҚЫТ БЕРЕ КӨРСЕҢІЗ ЕКЕН. БІЗ СІЗГЕ СОЛ ТҮСТІҢ МАҒЫНАСЫН АЙТЫП БЕРЕМІЗ.
ӘЙ ЯҺУДЕЙ, СЕН БАСҚА БАЛГЕРЛЕР СИЯҚТЫ УАҚЫТТЫ СОЗҒЫҢ КЕЛІП ОТЫР ҒОЙ.
АРИОҚ,БҰЛ АҚЫМАҚТЫ ӘКЕЛІП, НЕ ҮШІН МЕНІҢ АЛТЫНДАЙ УАҚЫТЫМДЫ КЕТІРІП ОТЫРСЫҢ?
ТАҚСЫР... БЕЛ-ЗУР БҰЛ АДАМНЫҢ ІШІНДЕ ҚҰДАЙДЫҢ КИЕЛІ РУХЫ БАР ЕКЕНІҢ АЙТТЫ.
ИЕМ.. СІЗДЕ ОНЫҢ ДАНАЛЫҒЫН КӨРДІҢІЗ ЕМЕС ПЕ?
МЕН САҒАН ТЕК БІР МҮМКІНШІЛІК БЕРЕМІН. БАСҚАСЫ БОЛМАЙДЫ. БҰДАН БЫЛАЙ ТАҒЫ ДА ТҮС КӨРІП, ОНЫҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНБЕСЕМ ТӨЗЕ АЛМАЙТЫН БОЛАМЫН.
КІМ МАҒАН ТҮСІМДІ АЙТЫП БЕРСЕ, СОНЫҢ БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАЙ АЛАТЫНЫНА СЕНЕТІН БОЛАМЫН.
АЙТЫП БЕРЕМІН ТҮСІҢІЗДІ.ТЕК ҚАНА ҚҰДАЙ ОНЫ АШЫП БЕРЕ АЛАДЫ.


ТАҢҒА ҚАРАЙ ТҮСТІ АЙТЫП БЕРУІМІЗ КЕРЕК...
...НЕМЕСЕ БІЗДІҢ БАСЫМЫЗДЫ БІРІНШІ ҚЫЛЫП ШАУЫП ТАСТАЙДЫ.
СОЛ КҮННІҢ КЕШ УАҚЫТЫ.
ДОСТАРЫМ, МЕНІМЕН БІРГЕ КӨКТЕГІ ҚҰДАЙДАН РАҚЫМЫН СҰРАҢДАР.
ӘЙТПЕСЕ, ЕРТЕҢ БАРЛЫҒЫМЫЗ ОНЫМЕН КЕЗДЕСЕТІН БОЛАМЫЗ.
ДАНИЯЛ 2;17-18


ТАҢ АТТЫ...
СІЗ ӨЗІҢІЗДІ ДАНА ДЕП АТАЙТЫН БАСҚА ӨТІРІКШІЛЕРМЕН АЛАЯҚТАРМЕН БІРГЕ ӨЛУГЕ ДАЙЫНСЫНДАР МА?
ҚҰДАЙ ДАНАЛАРҒА ДАНАЛЫҚ БЕРЕДІ, АЛ БІЛІМДІЛЕРГЕ БІЛІМ БЕРЕДІ.
ОЛ ТЕРЕҢ ЖӘНЕ ЖАСЫРЫН НӘРСЕЛЕРДІ АШАДЫ; ОЛ ҚАРАҢҒЫЛЫҚТА НЕ ЖАТҚАНЫН БІЛЕДІ ЖӘНЕ ЖАРЫҚ ОНЫМЕН БІРГЕ.
МЕНІҢ БАСЫМДЫ ҚАТЫРМА, ТАҒЫ БІР КҮН КҮТЕТІН БОЛСАМ, СЕНІҢ БАСЫҢ БІРІНШІ БОЛЫП АЛЫНАТЫН БОЛАДЫ.
НЕ БАҚСЫ-БАЛГЕРЛЕР, НЕ ЖҰЛДЫЗШЫЛАР СІЗГЕ ТҮСІҢІЗДІ АЙТЫП БЕРЕ АЛМАЙДЫ. ӨЙТКЕНІ ОНЫ ТЕК ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ АШЫП БЕРЕ АЛАДЫ. АЛАЙДА МЕНІҢ БАСҚА ПЕНДЕЛЕРДЕН АҚЫЛДЫ БОЛҒАНДЫҒЫМНАН ЕМЕС, СІЗГЕ ТҮСТІҢ МАҒЫНАСЫН БІЛДІРІП, САНАҢЫЗҒА ҰЯЛАҒАН СОЛ ОЙЛАРДЫ ТҮСІНДІРІП БЕРУІМ ҮШІН БҰЛ ҚҰПИЯ МАҒАН АШЫЛДЫ.
УА, ТАҚСЫР, ТҮСІҢІЗДЕ КӨРГЕНІҢІЗ — АЛДЫҢЫЗДА ТҰРҒАН БІР ДӘУ МҮСІН ЕКЕН. ОЛ ЖАРҚ-ЖҰРҚ ЕТКЕН, БИІК, СЫРТ КӨРІНІСІ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕДІ. МҮСІННІҢ БАСЫ САФ АЛТЫН, КӨКІРЕГІ МЕН ҚОЛДАРЫ КҮМІС, ІШІ МЕН ЕКІ САНЫ ҚОЛА, ЕКІ БАЛТЫРЫ ТЕМІР, АЯҒЫНЫҢ ҚАЛҒАН БӨЛІГІ ЖАРТЫЛАЙ ТЕМІР, ЖАРТЫЛАЙ ҚЫШ ЕКЕН.


СІЗ МҮСІНГЕ ҚАРАП ТҰРҒАН КЕЗДЕ БІР ДӘУ ТАС ЖАРТАСТАН ҚАШАЛЫП ЖАСАЛДЫ. СОНДА МҮСІННІҢ ТЕМІРІ МЕН ҚЫШЫ, ҚОЛАСЫ, КҮМІСІ ЖӘНЕ АЛТЫНЫ БӘРІ БІРДЕЙ БЫТ-ШЫТ БОЛЫП СЫНЫП ҚАЛДЫ. АЛ МҮСІНГЕ СОҒЫЛҒАН ДӘУ ТАС ОРАСАН ЗОР ТАУҒА АЙНАЛЫП, БҮКІЛ ЖЕР БЕТІН ТОЛТЫРДЫ.
СЕН... СЕН ТҮСІМДІ БІЛЕСІҢ! ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ ҚАНДАЙ?
КӨКТЕГІ ҚҰДАЙ СІЗГЕ ПАТШАЛЫҚ БИЛІК, КҮШ-ҚУАТ ПЕН АТАҚ-ДАҢҚ СЫЙЛАДЫ. СОНДЫҚТАН МҮСІННІҢ АЛТЫН БАСЫ ӨЗІҢІЗДІ БІЛДІРЕДІ.
СІЗДЕН КЕЙІН ДӘРЕЖЕСІ ТӨМЕНДЕУ ЕКІНШІ БІР ПАТШАЛЫҚ БОЛАДЫ.
ОДАН КЕЙІН БҮКІЛ ЖЕР БЕТІН БАСҚАРАТЫН ҚОЛА (ІСПЕТТІ БЕРІК) ПАТШАЛЫҚ ПАЙДА БОЛАДЫ.
СОДАН КЕЙІН ТӨРТІНШІ, ТЕМІРДЕЙ МЫҚТЫ ПАТШАЛЫҚ ШЫҒАДЫ. ӨЗІҢІЗ КӨРГЕН СОЛ КӨРІНІСТЕГІ ТЕМІРДІҢ ҚЫШПЕН АРАЛАСҚАНЫ ІСПЕТТІ, СОЛ БӨЛІМДЕРІ ДЕ БІР-БІРІМЕН АРАЛАСАДЫ. БІРАҚ ТЕМІРДІҢ ҚЫШПЕН БІРТҰТАС БОЛА АЛМАЙТЫНЫНДАЙ, АРАЛАРЫНДА ШЫНАЙЫ БІРЛІК БОЛМАЙДЫ.
АЛАЙДА СОЛ ПАТШАЛАРДЫҢ ЗАМАНЫНДА КӨКТЕГІ ҚҰДАЙ БІР ПАТШАЛЫҚТЫ ОРНАТАДЫ. СОЛ ПАТШАЛЫҚ ЕШҚАШАН КҮЙРЕМЕЙДІ
ОНЫМЕН ҰЛЫ ҚҰДАЙ КЕЛЕШЕКТЕ НЕ БОЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ СІЗГЕ БІЛДІРІП ОТЫР, УА, ПАТША АҒЗАМ.
КӨРГЕН ТҮСІҢІЗ СЕНІМДІ, ТҮСІНДІРМЕСІ ДЕ ДӘЛ.
СЕН ОСЫ ҚҰПИЯНЫ АША АЛҒАНДЫҚТАН, СИЫНАТЫН ҚҰДАЙЫҢНЫҢ ШЫНЫМЕН БАРЛЫҚ ТӘҢІР АТАУЛЫНЫҢ ҮСТІНДЕГІ ҚҰДАЙ ӘРІ ПАТШАЛАРДЫҢ ИЕСІ ЕКЕНІНЕ КӨЗІМ ЖЕТІП ОТЫР!






ДАНИЯЛ 2:48-49


ДАНИЯЛ, ОСЫ СЕНІҢ ХАЛҚЫН САҒАН ҚАЛАЙ ҚАРАЙДЫ?
КЕЙБІР ЯҺУДЕЙЛЕР МЕНІҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫМДЫ ЖҰМЫС ІСТЕП, МАҒАН КӨМЕКТЕСЕДІ. ҚАЛҒАНДАРЫ МЕНІҢ МАЛЫМДЫ БАҒАДЫ.
БІРАҚ СІЗ ОЛАРДЫ ЖАУЛАП АЛҒАН АДАМНЫҢ СЕНІМДІ ӨКІЛІ РЕТІНДЕ БАЙЛЫҚТА ӨМІР СҮРЕСІЗ.
ҚҰДАЙЫМ МЕНІ ОСЫ ЖЕРДЕ ӨМІР СҮРУІМДІ ҚАЛАДЫ. ЯҒНИ ОНЫҢ ЕРКІ.
СЕНІҢ ҚҰДАЙЫҢ СЕНІМЕН СӨЙЛЕСЕ МЕ НЕ?
МЕН ДҰҒА ЕТІП, ОЙЛАНЫП, ОНЫҢ ЗАҢЫН ОҚЫҒАНДА, ОЛ МЕНІМЕН СӨЙЛЕСЕДІ.
СОНДЫҚТАН ДА БІЗ ЯҺУДЕЙЛЕР ОНЫ ТІРІ ҚҰДАЙ ДЕП АЙТАМЫЗ.
ҚҰДАЙЛАР БІЗДІ ОЙЫНШЫҚ СИЯҚТЫ ҚОЛДАНАДЫ ... БІЗБЕН ОЙНАЙДЫ. АЛАЙДА МЕН ОЛАРДЫҢ БІЗБЕН СӨЙЛЕСКЕНІНЕ КҮМӘНДАНАМЫН…
БІРАҚ, ӘРИНЕ ... ОЛАР МЕНІ АДАМДАРДЫ БАСҚАРУ ҮШІН ТАҢДАП АЛҒАНЫ СӨССІЗ.


ДУРА ЖАЗЫҒЫ
ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНУШЫЛЫҚ
ҚҰДАЙ ОЛАРДЫ ӨЗІНЕ БАҒЫНДЫРАДЫ.
ОНЫҢ МАҚТАНЫШЫ ОНЫ ҚҰРТАДЫ.
ДАНИЯЛ 3:1


САФ АЛТЫН. ТӘКАППАРЛЫҚ...ЖӘНЕ ЖАЛҒАН ТӘҢІРЛЕРГЕ ТАБЫНУШЫЛЫҚ.
ОЛАР БӘРІ ОҒАН ТАҒЗЫМ ЕТУІ КЕРЕК ДЕЙДІ. МҮМКІН, ӘКІМДЕР РЕТІНДЕ БІЗ БОСАТЫЛАМЫЗ.
МҮМКІН.
МҮСІНДІ ЖАСАП АЯҚТАҒАННАН КЕЙІН.
ДУРА АЙМАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЖЕРІНЕ ЖИНАЛУЫНА БҰЙРЫҚ ЖІБЕР.
ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДА КЕЛУІ КЕРЕК ПЕ?
БАРЛЫҒЫН ШАҚЫР! БАРЛЫҒЫ ДА ДУРА ЖАЗЫҒЫНДА ЖИНАЛСЫН...
УА, КҮЛЛІ ҰЛТТАР, ХАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІҢ АДАМДАРЫ, ПАТШАНЫҢ ӘМІРІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРІҢДЕР!
БАРЛЫҚТАРЫ ДУРА ЖАЗЫҒЫНДА ЖИНАЛУЫ КЕРЕК!
БАРЛЫҒЫ КЕЛІП,ПАТШАҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІҢІЗДЕР!
...БІЗГЕ ДЕ КЕЛ ДЕПТІ.
ПАТША БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫН ДА ШАҚЫРТЫП АЛЫПТЫ.
БІЗ ҚОРЫҚҚАНЫ МЫЗДАЙ БОЛДЫ.
ПАТША ӨЗ ҚҰДІРЕТІН КӨРСЕТУ ҮШІН БАР АҚШАСЫН АЯМАПТЫ.
ПАТШАМЫЗ ШЫНЫМЕН КІМГЕ ТАБЫНУ КЕРЕК ЕКЕНІҢ ТҮСІНБЕПТІ.

ДАНИЯЛ 3:1-3


ДУРА ЖАЗЫҒЫ.
БҰЛ МІНСІЗ ҒОЙ!
ЖАУДЫ ЖЕҢУ ҮШІН ОНЫҢ ӘЛСІЗДІГІН БІЛУ КЕРЕК, ТІПТІ БҰЛ ЯҺУДЕЙЛЕРДІҢ ДЕ ӘЛСІЗДІГІ БАР.
ОЛАРДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ ҚАНДАЙ ЕКЕН?
"...ОЛАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ."
"БҮГІН ОЛАРДЫҢ КӨЗІН ҚҰРТАДЫ,НЕМЕСЕ ТӘҢІРСЫМАҚҚА ТАҒЗЫМ ЕТЕДІ."



ДАНИЯЛ 3:8


«ӘРБІР АДАМ КЕРНЕЙ, СЫБЫЗҒЫ, ДОМБЫРА, ЖЕТІГЕН, ШЕРТЕР, СЫРНАЙ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АСПАПТАРДА ОРЫНДАЛҒАН КҮЙЛЕРДІ ЕСТИ САЛА...
НАБУХОДОНОСОР ЖАСАҒАН АЛТЫН МҮСІННІҢ АЛДЫНДА БАСЫН ЖЕРГЕ ЖЕТКЕНШЕ ИІП ТАҒЗЫМ ЕТСІН!
КІМДЕ-КІМ БАСЫН ЖЕРГЕ ЖЕТКЕНШЕ ИІП ТАҒЗЫМ ЕТПЕСЕ..
" СОЛ ЛАУЛАП ЖАНЫП ТҰРҒАН ПЕШКЕ ЛАҚТЫРЫЛСЫН!"

ДАНИЯЛ 3:4-7


ҚАЗЫР МА?
МЕНІҢ ОЙЫМША...
АУЫЗДАРЫҢДЫ ЖАБЫҢДАР ЖӘНЕ БАСТАРЫҢДЫ ИІҢДЕР!
ТУИИТ! ТА-ТА-ТА-ТА-ТАМ!


ХА-ХА-ХА! МЕН ОЙЛАҒАНЫМНАН ДА АРТЫҚ БОЛЫП ШЫҚТЫ!
ӘРБІР АДАМНЫҢ ӘЛСІЗДІГІ БАР!
ШАДЫРАҚ, МИСАҚ ПЕН ӘБДІНЕГО!
ПАТША БҰЛ ҮШІН АҚША АЯМАДЫ.
"ҰЛЫ ПАТША НАБУХОДОНОСОР АЛТЫН МҮСІНГЕ ЖЕРГЕ ДЕЙІН ИІЛУГЕ ӘМІР БЕРДІ."
"СЕНДЕР ИІЛІҢДЕР! СОНДА ӨЗДЕРІҢДІ ОТТАН ҚҰТҚАРЫП АЛАСЫҢДАР!"
МЫНАЛАР НАҒЫЗ АҚЫМАҚТАР.
ОЛАРДЫ ӨЛТІРЕТІН БОЛАДЫ.


ЗЕБОНЕЗЕР, СЕН ПАТШАНЫҢ АЛДЫНА БАРА АЛЫСҢ ҒОЙ.
БІЗ УАҚЫТЫҢЫЗДЫ АЛМАЙМЫЗ,! ПАТШАМ
ПАТШАҒА ДЕГЕН ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҚҰРМЕТТІҢ БОЛМАУЫ, ҚАЙ ЖЕРДЕ БОЛМАСЫН, СІЗДІҢ ӘСКЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН, БАСЫЛУЫ КЕРЕК…
...ПАТША САРАЙЫНЫҢ ІШІНДЕ БОЛСА ДА.
МЕНІҢ ПАТШАЛЫҒЫМНЫҢ ІШІНДЕ?
КҮШ-ҚҰДІРЕТІНДЕ МӘҢГІ ЖАСА ПАТШАМ!
БІРАҚ КЕЙБІР ШЕТТЕН КЕЛГЕНДЕР БАБЫЛДЫҢ ДІНІН ДЕ, ПАТША ЖАРЛЫҒЫН ДА ҚҰРМЕТТЕМЕЙДІ.
МАҒАН БІЛГЕНДЕРІҢДІ АЙТЫП БЕРІҢДЕР.


ҰЛЫ ҚАЙЫРЫМДЫ НАБУХОДОНОСОР ТІРІ ҚАЛДЫРҒАН ЯҺУДЕЙЛЕР ПАТШАНЫҢ БҰЙРЫҚТАРЫНА ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҚҰРМЕТ КӨРСЕТПЕДІ.
ЗЕБОНЕЗЕР,ЖАЛ ҒАСТЫРА БЕР.
КЕШЕ ҰЛЫ ЖИНАЛЫСТА БАРЛЫҒЫ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ НАБУХОДОНОСОРҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰҚСАСТЫҒЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН ЖАЗЫҚҚА ЖИНАЛҒАН КЕЗДЕ...
БІЗ ПАТШАНЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЕҢ СЕНІМДІ КЕҢЕСШІЛЕРДІҢ БЕЙНЕНІҢ АЛДЫНДА ТАҒЗЫМ ЕТУДЕН БАС ТАРТҚАНЫН КӨРДІК.
ОҒАН КІМНІҢ ДӘТІ БАРДЫ ЕКЕН?
ОСЫ АРАДА ӨЗІҢІЗ БАБЫЛ АЙМАҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛАРЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДАҒАН ШАДЫРАҚ, МИСАҚ ПЕН ӘБДІНЕГО ЯҺУДИЛЕР. ОЛАР СІЗДІҢ ӨЗІҢІЗ ОРНАТҚАН АЛТЫН МҮСІННІҢ АЛДЫНДА ИІЛІП ТАҒЗЫМ ЕТПЕЙДІ!
ОЛАР ҚАЙДА БОЛСА ДА, ОЛАРДЫ МАҒАН ӘКЕЛІҢДЕР.
ОЛАР БАРЛЫҚ ӨЛІМНІҢ ЕҢ ҚОРҚЫНЫШТЫСЫН АН ЗАРДАП ШЕГЕДІ…


СЕНДЕРДІ ТҰТҚЫНҒА АЛҒАН КЕЗДЕ СЕНДЕРДІ ТАҢДАП АЛЫП, БАСПАНА БЕРДІМ, КИІМ,ТАМАҚ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТТЫМ.
ДАНИЯЛДЫ ЖАҚСЫ КӨРГЕНІМ ҮШІН СЕНДЕРДІ БАСШЫ ЕТІП ҚОЙДЫМ.
ШАДЫРАҚ, МИСАҚ ПЕН ӘБДІНЕГО, СЕНДЕР ШЫНЫМЕН МЕНІҢ ТӘҢІРЛЕРІМЕ ДЕ ҒИБАДАТ ЕТПЕЙ, ӨЗІМ ОРНАТҚАН АЛТЫН МҮСІНГЕ ДЕ ИІЛІП ТАҒЗЫМ ЕТПЕЙСІҢДЕР МЕ?!
ЕНДЕШЕ МОЙЫНСҰНУҒА ДАЙЫН БОЛСАҢДАР, ОНДА КЕРНЕЙ, СЫБЫЗҒЫ, ДОМБЫРА, ЖЕТІГЕН, ШЕРТЕР, СЫРНАЙ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АСПАПТАРДА ОРЫНДАЛҒАН КҮЙЛЕРДІ ЕСТИ САЛА, БАСТАРЫҢДЫ ЖЕРГЕ ЖЕТКЕНШЕ ИІП, ӨЗІМ ЖАСАТҚАН АЛТЫН МҮСІНГЕ ТАҒЗЫМ ЕТІҢДЕР!
БІРАҚ ЕГЕР ИІЛІП ТАҒЗЫМ ЕТПЕСЕҢДЕР, БІРДЕН ЛАУЛАП ЖАНЫП ТҰРҒАН ПЕШКЕ ЛАҚТЫРЫЛАСЫҢДАР!
СОНДА ҚАНДАЙ ҚҰДАЙ СЕНДЕРДІ МЕНІҢ ҚОЛЫМНАН ҚҰТҚАРЫП АЛАР ЕКЕН?!
УА, ПАТША, БҰЛ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША СІЗДІҢ АЛДЫҢЫЗДА ҚОРҒАНУЫМЫЗДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ.
ЕГЕР ЛАУЛАП ЖАНЫП ТҰРҒАН ПЕШКЕ ЛАҚТЫРЫЛСАҚ ТА, ҒИБАДАТ ЕТІП ЖҮРГЕН ҚҰДАЙЫМЫЗДЫҢ БІЗДІ ҚҰТҚАРУҒА ҚҰДІРЕТІ ЖЕТЕДІ. ОЛ БІЗДІ СІЗДІҢ ҚОЛЫҢЫЗДАН ҚҰТҚАРАТЫН БОЛАДЫ ДА!
ТІПТІ СОЛАЙ БОЛМАСА ДА, МЫНАНЫ БІЛІП ҚОЙЫҢЫЗ, УА ТАҚСЫР: СІЗДІҢ ТӘҢІРЛЕРІҢІЗГЕ ҒИБАДАТ ЕТПЕЙМІЗ ДЕ, ОРНАТҚАН АЛТЫН МҮСІНІҢІЗ АЛДЫНДА ИІЛІП ТАҒЗЫМ ЕТПЕЙМІЗ ДЕ!


СІЗ МЕНІҢ МЕЙІРІМДІЛІГІМ МЕН ЖАҚСЫЛЫҒЫМА ОСЫЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ БА?.. ҚАСТАНДЫҚПЕН?
СІЗДІҢ ҚҰДАЙ ИЕРУСАЛИМДІ ҚҰТҚАРА АЛМАДЫ ЖӘНЕ ОЛ СІЗДІ ДЕ ҚҰТҚАРМАЙДЫ!
МАНИЮХ!
ОЛАРДЫ МЕНІҢ БЕТІНІМ САЛҒАН ҮЛКЕН ПЕШКЕ АПАРЫҢДАР!!!
ПЕШТІ БҰРЫНҒЫДАН ЖЕТІ ЕСЕ ЫСТЫҚ ЕТІП ОТ ЖАҒЫЛСЫН!
ОЛАРДЫ МЕНІҢ ҰЛЫ ПЕШТІҢ АЛТЫН МҮСІННІҢ АЛДЫНА АПАРЫҢДАР!!!





**SUPERBIBLE.TV**